

«ҚОЛӨНЕР ЖӘНЕ ДИЗАЙН» ҮЙРМЕСІНІҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

Мектебі: «С.Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Пәні: «Қолөнер және дизайн»
Пән мұғалімі: Шпекбаева Меруерт
Сынып: 4-8



2023-2024 оқу жылы

№72 Сағадат Нұрмағамбетов атындағы жалпы орта мектебінің 4-8 сынып оқушыларының 2023-2024 оқу жылының екінші жарты жылдығы бойынша жасаған жұмыстарын назарларыңызға ұсынамыз.


Бүгінгі ұрпақ өзінің мінез-құлқын, тілін, өнерін жоғалтпауы қажет. Өнер жас ұрпаққа жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Осы мақсатта құрылған "Қолөнер" қолөнерге баулу үйірмесі оқушылардың ықылас-ынтасын дамытып, болашақ маман ретінде өзін-өзі тануға мүмкіндік береді. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Ұлттық педагогиканы насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол. Соның ішінде көркем еңбек сабақтарында, үйірме сабақтарында қолөнерге үйрету арқылы тәлім-тәрбиені оқу-тәрбие процесіне арқау ету өте қажет дүниенің бірі саналады. Мектептегі көркем еңбек сабағында шәкірттерге қолөнер арқылы жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, оларды өнерге баулу адамзат қоғамында жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге мүмкіндік береді. Жас ұрпақты жалпы әлемдік рухани игіліктерді бағалай білуге тәрбиелейді.

Бүгінгі дәуірде оқушы қиялына қозғау салып, қанат бітіру, ой-өрісін дамыту, білім берудің алғы шарты болып отыр. Өйткені қиялы қарыштамаған адамның білімді еркін меңгеруі мүмкін емес. Заман талабына сай мектепте оқушыны сәндік қолданбалы қолөнерге, көнеден келе жатқан қолөнерге үйрету, сонымен қатар өмірдегі өз қажеттілігін қанағаттандыра білуге үйрету бүгінгі таңда үлкен мәселелердің бірі екендігі анық.

Міндеттері:

1. Жұмысты ұйымдастырып, керекті материалдарды тиімді, ұқыпты пайдалана білу
2. Оқушылардың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру
3. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеп, еңбек мәдениеті мен техника қауіпсіздігінің бастапқы элементтерін меңгеруге бағыттау
4. Оқушының еңбекке қызығушылық ынтасын нығайту және ой өрісін кеңейту
5. Еңбектің қажеттілігін білуін, бастаған ісін талғаммен аяқтауын қадағалау
6. Балаларды тек жеке бастары үшін еңбек етуге ғана емес, халықтық ортақ үшін еңбектенуге үйрену

Екінші жартыжылдық үйірмеміз үшін өте табысты болды. Көптеген жарыстарға қатысып, өнерлі оқушыларымыз жүлделі орындарға ие болды.



Осылайша, «Zhana Zhuldyz» республикалық өнер байқауында Абдинаби Аида I дәрежелі дипломға ие болса, Кескенбай Аяна II дәрежелі дипломның иегері атанды.

Одан бөлек, екінші жарты жылдықта атап айтар болсақ, 6 А сынып оқушысы Оспан Аягөз ерекше жұмыстарымен көзге түсті.



Алғыс айту күніне орай мектепшілік көрме ұйымдастырылып, он саусағынан бал тамған қолөнерші оқушылар өздерінің жұмыстарын мектеп әкімшілігіне ұсынды. Көрме соңында жетекшіге оқушылардың талабын шыңдап, оларды еңбекке баулу жолында зор үлес қосып жатқаны үшін алғыс хат берілді.